

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 7

28.02. 2025 жылы № 264 мектеп-лицей жанындағы қосымша білім беру орталығында меңгеруші жанындағы кеңес болып өтті.
Қатысуға тиіс: Үйірме жетекшілері

Күн тәртібінде

1. Әдістемелік жұмыстың жүргізілуі
2. Үйірме жетекшілерінің озат тәжірибе жұмыстарының насихатталуы

Тыңдалды:

Қосымша білім беру орталығының меңгерушісі М.Рахметова:

Әдістемелік қамту-педагогикалық қызметкерлерге, әсіресе жас мамандарға дер кезінде көмек беру, қиындықты әдістемелік тұрғыдан сауатты шешу, педагогикалық, әдістемелік, тәрбиелік білім беру қызметін ұйымдастыруда және жүзеге асыру барысында туындаған сұрақтарға тиянақты жауап беру десек, үйірме жетекшілеріне арналған әдістемелік кеңестер үнемі жүргізіліп, сабақ өту әдіс-тәсілдері, сабақтарға көрнекі құралдарды, электронды ақпаратты тақтаны дұрыс пайдалана білу, оқушыларды қызықтыра білу, қызығушылықтарын арттыру барысында әдістемелік кеңестер беріліп, талқыланды.

Екінші мәселеге келсек, биылғы оқу жылында үйірме жетекшілерінің озат тәжірибе жұмыстарының насихатталуы мақсатында облыстық, Респубикалық басылымдарға мақала беру жөнінде бағыт-бағдар берілді. Қазіргі уақытта әдіскер маманының жоқтығына байланысты әдістемелік көмекті меңгеруші жүргізіп отыратынын атады.

Қаулы етеді:

1. Әдістемелік жұмыстың ұйымдастырылуы мен жүргізілуі орталық меңгерушісіне міндеттелсін.
2. Үйірмелердегі оқу-тәрбие жұмыстарын жандандыру үйірме жетекшілеріне жүктелсін.
3. Ішкі жұмыс жоспарларын қадағалап отыру орталық меңгерушісіне жүктелсін.

Жиналыс хатшысы:



Ш.Базарбаева